

ТУҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ҚАҒИДАЛАР

ҮКІМЕТТІҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 26 МАУСЫМДАҒЫ
№556 ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС МЕМЛЕКЕТТІК ТУ,
МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБА, ОЛАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕРІ
МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ӨНҰРАН МӘТІНІҢ ПАЙДАЛАНУ
ҚАҒИДАЛАРЫНА БІРҚАТАР ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ.

Жаңа талаптарға сәйкес, азаматтар мен ұйымдар патриоттық рухты насихаттау мақсатында Мемлекеттік Туды тұрғын үйлерге, өзге де ғимараттарға, сондай-ақ балкондарға 45 градус бұрышпен және салтанатты іс-шаралар өтетін орындарға орналастыра алады.

Алайда Ту ұлттық стандарт талаптарына сай болуы қажет. Өңі кеткен, жыртылған, ластанған немесе өзге де ақауы бар Мемлекеттік Туды пайдалануға жол берілмейді.

Қаулыда Туды орналастыру тәртібі де нақтыланған. Атап айтқанда:

- тұрғын үйлерде Ту жерден кемінде 3 метр биіктікте ілінуі тиіс;
- ғимаратқа орнату мүмкін болмаған жағдайда оны ар-

ЭКОЛОГИЯДАН БАСТАЛАТЫН ҚОҒАМДЫҚ МӘДЕНИЕТ

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҚОҒАМДА КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНЫП ЖҮРГЕН, ТЕК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕМЕС, ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІ МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ ЗОР БАСТАМА. БҰЛ ҰҒЫМ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫМЕН ҒАНА ШЕКТЕЛМЕЙДІ. ОЛ АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК, ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП, ТҰТЫНУ МӘДЕНИЕТІ, ӨМІР САПАСЫ ЖӘНЕ КЕЛЕР ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗ СИЯҚТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАМТИДЫ.

Бүгінде Қазақстан үшін бұл тақырыптың өзектілігі артып келеді. Урбанизацияның қарқын алуы, өндіріс көлемінің ұлғаюы және тұтыну мәдениетінің өзгеруі табиғатқа түсетін экологиялық жүктемені күшейтті. Сондықтан «Таза Қазақстан» – бір реттік сенбілік немесе науқан емес, елдің тұрақты дамуына бағытталған ұзақ мерзімді қоғамдық қозғалыс.

Қазақстан – табиғи ресурстарға бай, аумағы кең мемлекет. Соған қарамастан экологиялық мәселелер аз емес. Ірі қалаларда тұрмыстық қалдық көлемі жылдан-жылға көбейіп келеді, алайда олардың аз ғана бөлігі қайта өңделеді. Ауылдық жерлерде рұқсатсыз қоқыс орындары, өндірістік қалдықтардың дұрыс жойылмауы, өзен-көлдердің ластануы сияқты мәселелер әлі де өзекті.

Мамандардың пікірінше, мұның басты себебі тек инфрақұрылымның жеткіліксіздігі емес. Ең үлкен мәселе – экологиялық мәдениеттің толық қалыптаспауы. Қоқысты сұрыптамау, қоғамдық орындарды ластау, табиғатқа немқұрайлы қарау сияқты әрекеттер экологиялық мәселелердің ушығуына әсер етеді.

«Таза Қазақстан» бастамасының негізгі мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, қалдықтарды тиімді басқару жүйесін қалыптастыру, елдегі экологиялық мәдениетті көтеру және жас ұрпақтың экологиялық санасын дамыту. Бұл бағытта мемлекет заңнаманы жетілдіріп, қалдықтарды қайта өңдеу саласын дамытуға, қажетті инфрақұрылым қалыптастыруға және бақылау тетіктерін күшейтуге күш салауда. Алайда бұл жұмыстар қоғамның қолдауынсыз толық нәтиже бермейді.

Экологиялық мәдениет әр адамның күнделікті өмірінен басталады. Таби-

ғатты қорғау үлкен құрбандықты талап етпейді. Қарапайым тұрмыстық әдеттердің өзі қоршаған ортаға оң әсер етеді. Мысалы, қоқысты бөлек жинау, пластик қалдықтарын азайту, қайта пайдалануға болатын бұйымдарды таңдау, суды және электр энергиясын үнемдеу – табиғатты сақтаудың ең тиімді жолдарының бірі.

Қалдықтарды сұрыптау бүгінде экологиялық мәдениеттің маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Қағаз, пластик, шыны және органикалық қалдықтарды бөлек жинау қайта өңдеу ісін жеңілдетіп, табиғи ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл – тек коммуналдық қызметтердің міндеті емес, әр отбасының, әр азаматтың жауапкершілігі. Өйткені қайта өңделген бір тонна қағаз ондаған ағаштың кесілуіне жол бермейді.

Экологиялық жауапкершілік тұтыну мәдениетімен де тығыз байланысты. Қажетсіз заттарды сатып алу, бір рет қолданылатын өнімдерге тәуелді болу, сапасыз тауарларды жиі алмастыру табиғатқа да, экономикаға да зиян келтіреді. Сондықтан ұзақ уақыт пайдаланылатын өнімдерді таңдау, бір реттік пластиктен бас тарту және саналы тұтыну қағидатын ұстану – қазіргі заманның маңызды талаптарының бірі.

Сү мен электр қуатын үнемдеу де – экологиялық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ағын суды босқа ағызбау, жарықты қажетсіз жақпау, энергия үнемдейтін құрылғыларды пайдалану – қарапайым көрінгенімен, қоршаған ортаны қорғауға қосылатын нақты үлес. Үнемшілдік – мүмкіндіктің шектеулігін емес, жауапкершіліктің жоғары екенін көрсететін қасиет.

Қала экологиясына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – көлік. Қысқа қашықтықта жаяу жүру, қоғамдық

найы ту тұғырына орналастыруға болады;

- Ту жерге, еденге, суға немесе басқа заттарға тимеуі қажет;

- тік ілінген кезде ұлттық ою-өрнек жоғарғы бөлігінде орналасуы тиіс;

- мәдени, спорттық және қоғамдық іс-шараларда Мемлекеттік Туды коммерциялық мақсатта пайдалануға тыйым салынады;

- жеке және заңды тұлғалардың көлік құралдарының салонында Туды орналастыруға рұқсат етіледі.

Сонымен қатар Мемлекеттік Туды жарнамада, киім-кешекке, төсек жабдықтарына, пердеге, дастарханға, кілем-ше мен басқа да тұрмыстық бұйымдарға қолдануға болмайды.

Жаңа өзгерістерге сәйкес спортшылар енді Мемлекеттік Тудың бейнесін спорттық киімдері мен жабдықтарында ресми түрде пайдалана алады.

Сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді ресми интернет-ресурстарда, стендтер мен плакаттарда орналастырудың бірінші тәртібі бекітілді. Алдымен Мемлекеттік Ту, кейін Мемлекеттік Елтаңба, одан соң Мемлекеттік Өнұранның мәтіні орналастырылуы тиіс. Стендтердің фоны көк, ал жазулары алтын түсті болуы қажет.

Премьер-министр қол қойған қаулы 13 шілдеден бастап күшіне енеді.

GOV.KZ

көлікті немесе велосипедті пайдалану ауаның ластануын азайтып қана қоймай, адамның денсаулығына да оң әсер етеді. Демек, көлік таңдау да – экологиялық мәдениеттің бір бөлігі.

Бұл бағыттағы жұмыста жастардың рөлі ерекше. Жастар жана бастамаларды тез қабылдайды, цифрлық технологияларды тиімді пайдаланады және әлеуметтік желілер арқылы қоғамның экологиялық көзқарасын қалыптастыруға ықпал ете алады. Қазақстанда соңғы жылдары волонтерлік экологиялық қозғалыстар мен жастар ұйымдарының белсенділігі артып келеді. Алайда экобелсенділік тек акциялармен шектелмей, күнделікті өмір салтына айналғанда ғана нақты нәтиже береді.

Экологиялық мәдениет, ең алдымен, отбасы мен мектепте қалыптасады. Баланың табиғатты қорғауға, жан-жануарға жанашырлықпен қарауға, қоғамдық орындардың тазалығын сақтауға үйренуі – оның болашақтағы азаматтық ұстанымының негізі. Сондықтан білім беру жүйесінде экологияны тек пән ретінде емес, өмірлік құндылық ретінде насихаттау маңызды.

Бұл бағытта бұқаралық ақпарат құралдарының да жауапкершілігі зор. Экологияны тек проблема ретінде емес, тиімді шешімдер мен озық тәжірибелер арқылы көрсету қоғамның қызығушылығын арттырып, азаматтарды нақты әрекетке ынталандырады.

«Таза Қазақстан» бастамасының табысты болуы мемлекет пен қоғамның өзара серіктестігіне байланысты. Мемлекет қажетті жағдай жасап, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. Ал қоғам экологиялық нормаларды сақтап, жергілікті бастамаларға белсенді қатысып, табиғатқа бейжай қарамауы қажет.

Тазалық – көшенің ғана емес, сананың да тазалығы. Ол мәдениеттің, жауапкершіліктің және азаматтық ұстанымның көрінісі. Сондықтан «Таза Қазақстан» – сенбіліктен сенбілікке дейінгі науқан емес, әрбір азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс құндылық. Мемлекет, қоғам және әрбір қазақстандық ортақ мақсатқа жұмыла әрекет еткенде ғана елімізді таза, көрікті әрі өмір сүруге қолайлы мемлекетке айналдыра аламыз.

Айзада Тәнірберген,
Жетібай кенті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақжол-Ай» ЖШС «Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы, Өнеркәсіптік аймақ 1, №100/4 учаске мекенжайында орналасқан «Ақжол-Ай» ЖШС өндірістік базасы үшін ІІ санаттағы өсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатындағы жобалық құжаттама пакетінің материалдары» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 17 тамыз, басталуы сағат 10:00-де өтеді.

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетін орны: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы, Өнеркәсіптік аймақ 1, №100/4 учаске, өндірістік базаның әкімшілік ғимаратында өтеді.

Учаскенің географиялық координаттары және өсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°42'07.42" с.е., 51°14'38.96" ш.б.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Ақжол-Ай» ЖШС. БСН: 011040007447., Маңғыстау облысы, Ақтау қ.ә., Ақтау қаласы, Өнеркәсіптік аймақ 3, 1/2. Телефон: +7 (771) 679-08-80. Электрондық пошта: ab1216@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ATLAS EXPERT» ЖШС. БСН: 260140000085. Мекенжайы: Ақтөбе қ., А. Бөкейханов к-сі, 17. Телефон: 8-771-167-5702. Электрондық пошта: atlas.zhoba@gmail.com.

Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция байланысы режимінде онлайн қолжетімді болады. Онлайн режимде қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өту қажет.

Онлайн қосылу сілтемесі: <https://us04web.zoom.us/j/74628242141?pwd=pj7DUBuVdaVY6x9lbTdBz3vmraaI9.1>

Конференция идентификакторы: 746 2824 2141.

Қол жеткізу коды: LdY9g

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға – Базарбай С.С., әл.пошта: S.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com, tabigat@mangystau.gov.kz, G.tulembet@mangystau.gov.kz, тел. 8 (7292) 46-21-31.

ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

<https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында орналастырылған.

ИХСАНОВА ЖУМАГУЛЬ ОРЫНҒАЛИЕВНА

атына рәсімделген, 2011 жылғы 30 мамырдағы, жеке нотариус Шалабаева Салтанат Алиевна куәландырған, тізілімде №06-10858 болып тіркелген пәтерді сатып алу-сату шартының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын..

«Дүсіпова» ЖК хабарлайды,
<https://ndbecology.gov.kz/>
21.07.2026 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде
ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

«Маңғыстау облысында, Түпқараған ауданында, Ақшұқыр ауылдық округі, Ақшұқыр ауылы, «Бегей» жері, 1476 учаскесі орналасқан «Ақерке «санаторий-оңалту орталығы» жұмыс жобасы бойынша жария талқылау нысанында, және оған ҚОҚ бөлімі. Құжаттама орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/>.

Телефон: + 7 705 8309322, + 7 701 8503143

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті Маңғыстау облысының мектеп бітіруші түлектеріне ҚР Үкіметі белгілеген квота шеңберінде 30 мамандықтар тобы бойынша 1000 білім гранттарына қатысады.

Білім грантына оқуға түсу үшін мамандықтың (мысалы, B044-Менеджмент немесе B057-Ақпараттық технологиялар) және университет кодын (мысалы, Қарағанды Бөкетов Ұлттық зерттеу университетінің коды – 031, шекті балл – 65) белгілесіе болады. Толығырақ buketov.edu.kz сайтында. Бұл білім гранттары нысаналы гранттар ретінде ойнала-тындықтан, оған түсу үшін түлектер қалаған ЖОО-ны алғашқы орында белгілегені абзал.

Төл. 8-776-753-68-00 (Мемлекеттік лицензия: KZ55LAM00009976, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті 29.10.2025 ж. берілген).

LADA GRANTA автокөлігі сатылады.

- * Жылы: 2016
- * Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
- * Жанармай: Газ / Бензин
- * Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
- * Түсі: ақ

Байланыс нөмірі:

8 778 915 15 88

